

**« №140 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
нәтижелері туралы**

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Мектеп туралы жалпы мәлімет

«№140 негізгі орта мектебі» 1998 жылы қазақ тілінде оқытатын негізгі орта мектеп ретінде құрылған. Мектепте 1 оқу корпусы бар.

Мектеп мекен-жайы: Ұлытау облысының білім басқармасы, Жаңаарқа ауданы білім бөлімі, Ералиев ауылы, разъезд 189, №189 разъезд көшесі №27 ғимарат, пошталық индекс 100505

• **Электрондық пошта мекенжайы:** 140nm@mail.ru Телефон/факс 87103051978

Мектеп директоры-Оразалина Жайнакул Аманбаевна, "№140 негізгі орта мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, Ұлытау облысының білім басқармасы, Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің 2020 жылы « №140 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне директордың міндетін атқарушы болып бекітілген.

Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог - модератор. Педагогикалық еңбек өтілі 25 жыл, директор лауазымында еңбек өтілі 7 жыл

Мектептің құрылтайшы құжаттары, ішкі тәртібін белгілейтін құжаттар талаптарға сай:

Қалыптасу және даму кезеңдері:

- 1954 жылы бастауыш мектеп болып ашылды
- 1998 жылдан негізгі мектеп болып өзгертілді.
- 2012 оқу жылына дейін «№140 негізгі мектебі» КММ
- 2015-2016 оқу жылынан бастап «№140 негізгі орта мектебі» КММ болып өзгертілді.

Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні: 05.06.1997

Қайта тіркелген күні: 19.10.2015

Мектеп туралы мәліметтер: Мектеп тарихы 1954 жылдан басталады.

Жалпы алаңы (шаршы мер) – 3321 м²

Жалпы ауданы: 344,9

БСН - 021140004943

Кәсіпорынның қатысушысы: «Ұлытау облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Қызмет түрі – бастауыш, негізгі орта

Мектеп білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады. • «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы • «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы • «Бастауыш, негізгі

орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы • Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы • «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы • «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы • «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы • «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы • «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы • «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы • «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы 6 • «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы • «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы • «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы • «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы • «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы • «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы • «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы • «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы • «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы • «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы • «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы • «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім

беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы • «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы • «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы. Мектеп педагогтары МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс жүргізеді

1.Кадрлық құрамға талдау:

Мектептегі әкімшілігі жұмысының негізгі бағыты кадрлық құрамын нығайту қызметі болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы мен мектеп Жарғысы негізінде мұғалімдер ұжымының құрамын білім беру ұжымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асыралады. Соңғы жылдары мектепке жаңадан қабылданған мұғалімдердің барлығымен еңбек шарты жасалған. Мектептің педагогикалық кадрлық құрамының саны қажеттілікке байланысты анықталды.

	1-9 сыныптарға сабақ беретін педагогтар саны		
	Мұғалімдер саны	Жоғары білімді	Орта арнаулы
2023-2024 оқу жылы	20	13	7

2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлерінің білім деңгейі жоғары білімді мұғалімдер саны көп болуына байланысты тұрақты деңгейді көрсетеді, жоғары білімді мамандар бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі - 65 %, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің өз бейіні бойынша үлесі - 35 % құрайды.

Педагогтардың жас құрамы:

Еңбек өтілі	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
20-30 жас	3	4	6
30-40жас	2	2	8
40-тан жоғары	8	6	3
51-60 жас	5	5	3

Педагог кадрлардың жасы және еңбек өтілі бойынша құрамы:

Оқу жылы	3 жылға дейін	3 жылдан 15 жылға дейін	16 жылдан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
2023-2024 оқу жылы	5	11	2	2

Кадрлық құрамы мен еңбек өтілінің өзгеруіне байланысты мынадай қорытынды шығарылды.Мұғалімдердің еңбек өтілі бойынша 15 жылға дейін 55% , 10% педагог қызметкерлердің педагогикалық еңбек өтілі 10 жылдан жоғары. Мектепте жалпы педагог саны - 20, педагог – шебер – 0; педагог–зерттеуші - 1, педагог– сарапшы-1, педагог– модератор – 9; педагог – 8;

Әдістемелік бірлестік	Педагог саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	педагог-модератор	Педагог
Қазақ тілі мен әдебиеті	2				2	
Орыс тілі мен әдебиеті	1		1			
Шет тілі	1					1
Бастауыш сынып МАДС	8			1	4	3
Химия, биология	1				1	
математика	1					1
Физика, информатика	2					2
Көркем еңбек, музыка	2				1	1
Дене шынықтыру,	1					1
Тарих, география	1				1	
Барлығы	20		1	1	9	9

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы.

Мектепте жалпы – 20 педагог жұмыс жасайды.

«педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» үлесі - (10%).

Педагог –шебер –жөк

- педагог-зерттеуші мұғалім – 1
- педагог-сарапшы мұғалім – 1
- педагог - модератор мұғалім -9
- педагог-9

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарынан өтуіне талдау.

Мектепте мұғалімдер кәсіптілігінің қалыптасуына, шығармашылық деңгейлерінің өсуіне, білімдерін

жетілдіруіне, жаңашылдыққа ұмтылуына ықпал етуі бағытында үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отырды.

Курстар жүйесі арқылы біліктілікті арттыру мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру

бірлестік жетекшілерімен мектеп әкімшілігі жұмысының маңызды бағыты болып табылады.

Осыған орай мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің білімдерін жетілдіріп және біліктілік арттыру курстарының деңгейлерін көтеріп отыруларына көп көңіл бөлінді.

**« №140 негізгі орта орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2023-2024 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өту бойынша перспективті
кесте:**

№	Тегі, аты - жөні	Пәні	Курстан өткен жылы	Курстан өту керек жылы	Өткені немесе өтпегені туралы белгі
1	Абикенова Алия Касымовна	Бастауыш сынып	17.06.2019	2024ж	өтті
2	Асылбекова Жанна Акмахановна	Физика- математика	24.06.2019	2025 ж	өтпеді
3	Аскарова Манат Кенжебаевна	Орыс тілі мен әдебиеті	18.03.2022		
4	Жукенов Бауыржан Сембаевич	Физика	18.03.2022	2026 ж.	
5	Жаксылыкова Маржан Ботаевна	Бастауыш сынып		2024 ж	өтті
6	Зейнуллаева Гүлім Думанқызы	Ағылшын тілі		2025 ж	
7	Исатаев Ендіаман Жазыбекұлы	Көркем еңбек		2025 ж	
8	Камалиева Данагул Егинбаевна	қазақ тілі мен әдебиеті	18.03.2022	2025 ж	
9	Кунашикова Гульбану Мухаммедиевна	Бастауыш сынып	14.06.2022	2025 ж	
10	Кулжанбекова Аяулым Мактұмовна	биология	27.07.2023		
11	Қосаров Диас Жарасханұлы	денешынықтыру		2025 ж	
12	Назарова Саягүл Оралбайқызы	музыка	27.05.2024- 07.06.2024		
13	Нұржанбаев Жансерік Шубайұлы	тарих	14.06.2022		
14	Оразалина Жайнакул Аманбаевна	қазақ тілі мен әдебиеті	21.10.2022	2025 ж	
15	Омархан Мерейлім Серікқызы	Бастауыш сынып		2026 ж	
16	Усенова Рысбала Оракбаевна	математика	14.08-2023- 25.08.2023	2027 ж	
17	Хабарова Мақпал Балапановна	Бастауыш сынып	19.06.2023- 30.06.2023		
18	Суйндиқова Рақила Нағашыбековна	Шағын орталық тәрбиеші	02.12.2024- 13.12.2024		
19	Торғаева Мейрамкүл Мұсақызы	МАД тәрбиеші		2025 ж	
20	Сағынтай Гүлдана Серікқызы	Бастауыш сынып	18.02.2022	2025 ж	

2023-2024 оқу жылы
Педагогтер саны-20
Өткендер саны-19
Өтпегендер саны-1

№	Әкімшілік және штаттық қызметкерлер	Барлығы	2023- 2024
1	Мектеп директоры	1	1
2	Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасарлары	0,5	0,5
3	Мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасарлары	0,5	0,5
4	Педагог-психолог	0,5	0,5
5	Аға тәлімгер	0,5	0,5
6	Жүйе әкімшісі	1	1

2. Білім алушылар контингенті

«№ 140 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 3 жылдағы сынып комплектісі

Оқу жылы	Бастауыш сынып	Негізгі	барлығы
2023-2024	1-сынып-1	<u>5-сынып-1</u>	9
	<u>2-сынып-1</u>	<u>6-сынып-1</u>	
	<u>3-сынып-1</u>	<u>7-сынып-1</u>	
	<u>4-сынып-1</u>	<u>8-сынып-1</u>	
		<u>9-сынып-1</u>	

3. Оқу-әдістемелік жұмыс

1.Жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспары

Әр жыл сайын жалпы орта білім берудің негізгі құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне, Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келетін оқу-тәрбие жұмысының жоспары жасалады. Оқу- тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес құрылды.

Мектептің миссиясы:

- Дәстүрге сүйене отырып, келешекті қалыптастырамыз! Міндеттері: Білім берудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.
- Оқушылардың физикалық, рухани-адамгершілік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ету.
- Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру.
- Қазақстандық патриотизм рухында жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.
- Ұлтаралық қатынастарды нығайту мақсатында көпмәдениетті ортаны құру.

➤ Оқушыларға бағытталған білім берумен қатар тиімді инновациялық оқыту технологияларын қолдана отырып, олардың әлеуетін жүзеге асыру үшін дағдылар мен қабілеттерін дамыту.

➤ Экологиялық сананы дамыту.

Басты құндылықтар

➤ Ұлттық өзін-өзі сәйкестендіру

➤ Шығармашылық

➤ Дамуға мотивация

➤ Мәдениет

➤ Жауапкершілік

Жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспары

Оқу-тәрбие жоспары төмендегі бөлімдерден тұрады:

I. Мектептің қызметін ұйымдастыру. «Білім туралы» Заңды іске асыру

II. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың кәсіби біліктілігін көтеру

III. Мектептің әдістемелік кеңесінің және ӘБ жұмысы

IV. Бастауыш және орта мектептердің сабақтастығы бойынша жұмыс

V. Оқу-тәрбие процесі мен сабақтан тыс жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

VI. Оқу-материалдық базаны нығайту. Мектеп жабдықтары

VII. Кітапхана жұмысы

VIII. Медициналық қызмет көрсету жұмыстары

2. Оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесі

Әр оқу жылы жұмыс оқу жоспарын оқу ордасы жергілікті білім беру басқармасына және оқу орнының директоры бекіттіреді. Мектептің оқу жоспары 9 жылға негізделінген (1-9 сыныпқа дейін).

Оқу жоспарының құрылымында мыналар белгіленген:

1. Мектептегі базалық білім мазмұнының өзегін көрсететін инварианттық оқу жүктемесі;

2. Оқушылардың мүдделігі мен қабілеттеріне сәйкес олардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған вариативтік оқу жүктемесі. Білім беру салаларында белгіленген пәндерді оқытуға (соның ішінде тереңдетіп оқытуға), жаңа оқу курстарын, факультативтерін енгізуге, дара және топтық сабақтар жүргізуге пайданылады.

Мектепте бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің Мемлекеттік білім беру стандарттары мен Типтік Оқу Жоспарының (ТУП) талаптарына сәйкес келетін Жұмыс Оқу Жоспары (РУП) және сабақ кестелері бар.

2023-2024 оқу жылы

Жалпы білім беретін мектептің 1-4-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту

туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399; 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467; 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); 53 Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген). Жалпы білім беретін мектептің 5-9-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 және 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); 54 Санитарлық ережелер

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес: 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады; «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады; 5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу уақытында өткізіледі. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі. Негізгі орта (5-8-сыныптар) білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізілді. 5-9-сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

3. Оқу сапасының көрсеткіштері:

3 жылдық білім сапасының динамикасы

2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
78%	67 %	69,4%

№ 140 негізгі орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында білім сапасы 78 %, 2022-2023 оқу жылында білім сапасының динамикасы 67%- ды құрады. 2023-2024 оқу жылында білім сапасының динамикасы 69,4%- ды құрады. 1-9 сынып оқушыларының білім сапасының динамикасы бастапқы -78%, аралық – 67%, қорытынды -69,4%- - ды құрады. Үш жылғы білім сапасын өсуін пайызбен есептегенде бастапқыдан аралықта өсу пайызы -12%-ға төмендеген., ал аралықтан қорытынды кезінде білім сапасы +4,49%-ға көтерілген.

Білім сапасын өсіру басты міндет болып табылады.

4. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген стандарттарға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханасы қорының болуы қосымшада көрсетілген. Қазіргі заманда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың, бірі – мектеп кітапханасы. Тәуелсіз еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда, мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол мектеп жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Мынау келген жаңа заман- компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу, әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы-кітапхана. Кітап-біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырды. Міндеттеріміз:

- Мектеп кітапханасына оқырмандарды тарту.
- Кітаптарды насихаттау жұмысын ұйымдастыру.
- Оқушылардың кітап оқуға деген ынталарын артыруға көмектеу.
- Кітап қорын толықтыру.
- Мектепшілік іс шараларға қатысу.
- Ұстаздарының кәсіптік шеберлігін дамытуға басылымдар мен әдебиеттерді ұсыну.
- Оқулықты сақтау, оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.
- Ерекше даталармен байланысты әдебиеттерді, басылымдарды насихаттау.

Кітапханада көркем әдебиеттер сапасы жақсы, оқулықтарды төрт жылда бір рет ауыстырылып отырады. 2024-2025 оқу жылында 1-9 сынып оқушылары оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына 2016 жылдың 19 қаңтардың № 44 өзгеру енгізіп және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылдың 17 мамырындағы № 217 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, Қ.Р БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша көркем әдебиеттердің, оның ішінде электронды оқулықтардың жеткізгіштердің тізбесі бекітілді. Оқу - әдістемелік 100%, Көркем әдебиет 80% электронды оқулық 50% 1-4 сыныптар Алматыкітап, Атамұра, Express Publishing, Назарбаев Зияткерлік мектептері, Арман-ПВ—кітап баспасы 5-9- сынып Атамұра, Мектеп, Бөбек, Келешек-2030, АрманПВ.

Кітапхананың оқу залында оқушылар мен ұстаздарға библиографиялық және анықтамалық басылымдар мен энциклопедиялар қоры ұйымдастырылған. Мерізім басылымдар түптеліп тігілген. Мектеп кітапханасында кітап қоры ББК кестесі бойынша орыналастырған. Кітапхана қызметі «Мектеп кітапханасының негізгі нұсқаулық» бойынша және мектеп кітапхана ережесіне сай атқарылады. Мектеп кітапханасы-кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді, сонымен қатар мұғалімдермен тығыз байланыста болып әр түрлі іс-шаралары, байқаулар және кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады. Қазіргі таңда мектеп кітапханасының қорында: Кітаптың берілуі:1200 дана. Оқулықтар саны - 950 дана Оқу әдістемелік саны - 63 дана .Көркем әдебиет саны -80 дана. Барлығы: 1200

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу,кітап оқуға баулу.Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу,отбасының қатынасты және ата-аналармен балалардың бос уақытын бірге өткізу,олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру. Кітаптың құдіретін таныту. Сонымен бірге кітап қорын толықтыру,оқу мәдениетін қолдау,тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау,оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып,кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру,кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын,ой-өрісін дамыту мақсатында түрлііс-шаралар ұйымдастырылуда.Атап айтатын болсам:30тамыз Қазақстан Республикасының конституция күніне орай кітапханада«Мен өз елімнің патриотымын»атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

12қыркүйек Қазақстан тілдер мерекесіне орай«Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында«Мемлекеттік тіл-менің тілім»атты іс-шара болыпөтті,9сыныптар арасында.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына «Ертегілер еліне саяхат» ұйымдастырылып, оқушыларды ертегі оқуға баулу,олардың ой-өрісін дамыту мақсатында ертегілер оқып,әңгімелеп берді..

«Мұхтар Әуезов-көркем сөздің алыбы» тақырып негізінде оқушыларды сауатты,дұрыс мәдениетті сөйлей білуге сөздік қорын молайту білімдерін дүние танымдарын дамыту. 25қазан Республика күніне орай«Рәміздерім-мақтанышым» кітап көрмесі қойылды.

Қараша айының 24.11.2023 ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Халқы сүйген қаламгер» Мұхтар Шахановтың 80 жылдығына орай іс-шара болып өтті.

Желтоқсан 07.12.2023ж.Қазақтың батырқызыХиуаз Қайырқызы Доспанованың 100жыл толуына орай іс-шара болып өтті.

Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына орай кітап көрмесі жасалды. Оқушылар тәуелсіздік туралы жаттаған тақпақтары мен өлеңдерін жатқа айтты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 8-9 сынып оқушыларымен «Жыр алыбы-Жамбыл» атты танымдық сабақ өткізілді.

«Мақтан тұтар ұлы тұлға-Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев» 7-8 сынып оқушыларымен танымдық сабақ.

«Отты жылдар жаңғыры», Ауған ардагерлеріне арналған кітап көрмесі.

1 Наурыз «Алғыс айту күні» 2-4 сынып оқушыларымен әдептілік, кішіпейілділік, ізеттілік жайлы әңгіме құру.

«Сиынар ем АНА деген тәңірге» кітап көрмесі.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі- тәрбие көзі» 5-6 сынып оқушыларымен Абайдың қара сөздерін жатқа айтып, мағынасын түсіндіру.

2 Сәуір-Халықаралық балалар кітабы күніне ата-аналармен балардың кітап оқуы жайлы дөңгелек үстел.

«Белгісіз солдаттың баласы», Көпен Әмірбектің «Алтын сандық» атты шығармаларын және де өздері қалаған басқа әдеби туындылары 5-9 сыныптар.

14 наурызда «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды.

Оқушыларды рухани байлығын дамытып кітапхананың кітап қоры түрлі әдебиеттермен толықтырылды.

9 ақпанда М.Мақатаевтың 93 жылдығына орай «Мұқағали мәңгілік жыр» атты әдебиет сағаты өткізілді.

5. Тәрбие жұмысын жүзеге асыру

2023-2024 оқу жылында мектебімізде 8 сыныппен жұмысты бастадық. 1 мектеп алды даярлық тобы бар. Қызығы да, қиындығы да мол тәрбие саласы бойынша мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері және мұғалімдер болып көптеген іс-шаралар мен нәтижелі жұмыстар атқарылды. Атап айтсам 1 қыркүйек «Білім күні» барша оқушылар мен аяулы ұстаздардың асыға күткен мерекесі. 1 қыркүйек күні «Алғашқы қоңырау» мерекесі, мектеп аумағында мектеп фойесінде мерекеге сай безендіріліп «Іс-шараға 1,4,9 сыныптарымен қатар ата –аналар, ардагер ұстаздар, және қонақтар қатысты. Қалған сынып оқушылары сыныптарында «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Іс - шара өз деңгейінде аталып өтілді. 5 қыркүйек- Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай 5-15 қыркүйек арасында Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі онкүндігі басталды. 05.09.23 күні ана тілінің мәртебесін көтеру, туған тілге құрметін арттыру мақсатында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестіктері "Тіл мәртебесі- ел мәртебесі" тақырыбындағы апталықтың ашылуын көңілді өткізді. Шара барысында ұжымдастар, оқушылар ана тілі туралы сұрақтарға жауап бере отырып, өздеріне көтеріңкі көңіл сыйлады. 2023 жылыдың 7 қыркүйек күні балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, ережелерді есте сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында «Жол ережесін сақтаймыз» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға соңғы уақытта көшелерде көліктің шектен тыс көбеюіне байланысты алуан түрлі жол көлік апаттарының орын алып жатқандығы туралы сол себептен оқушыларға үнемі жол ережесін сақтау керек екені туралы айтып түсіндірді. 14 қыркүйек Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық сыныптарда бірегей "Жол ережесі" бойынша тәрбие сағаттары өткізілді. Денсаулық фестивал күніне арналған оқушылардың спортқа бейімділігін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру. 5-9 сынып аралығында "Дене сергіту" челленджі өткізілді. 18.09.2023 ж. күні "Мектеп Президентін" және "Өзін-өзі басқару ұйымының" мүшелерінің сайлауы өтті. Мақсаты: оқушылардың білімге құштарлығын арттыру, өзін-өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру. Мектеп оқушыларының дауыс беру нәтижесінде ең көп дауыс жинаған 9 "А" сынып оқушысы Манарбекұлы Нұрқанат "Мектеп Президенті" болып сайланды. АТА- АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗДІ. Мұғалім-елдің болашағын көркейтіп, рухын биікке көтеретін, жас ұрпақты

тәрбиелейтін жауапкершілігі мол, киелі мамандық. "Үштік одақ: ата- ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым- қатынасты жақсарту" тақырыбында барлық сыныптарда ата-аналарына заманауи форматта ата- аналар жиналысын өткізді. Мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Міндеттері: ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын яғни үштік одақты арттыру, балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

КҮЗГІ ҚОЛӨНЕР 2023 жылдың . қыркүйек айының 21 ші жұлдызы күні мектебімізде 5-6-7 сыныптар арасында ҚР Тәуелсіздігінің 32 жылдығы мерекесіне арналған "Күзгі қолөнер" сайысы болып өтті. Күз - ең бай уақыт. Оқушылар тірлі көкөністер мен жемістерден керемет кәдесыйлар, ойыншықтар, жануарлар тағы да басқа қызықты дүниелерді жасап ұсынды. Көрермендер тамаша күзгі қолөнерлерге қарай отырып, таңғажайып нәрсе жасау үшін, осы күзгі байлықтарды қолданып жасауға болатынын көріп риза болды. «Күзгі қолөнер» тақырыбындағы алтын күз мерекесі оқушылар өз өнерлерін ғана көрсетіп қоймай күзгі өнімдерден кереметтей көркем қолөнер бұйымдарын жасап қойды Күзгі қолөнер сайысы бойынша мектепшілік жиында барлық қатысушыларға марапаттау қағаздары берілді АРДАГЕР ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ! Әр заманда да сый-құрметке ие ардагер ұстаздардың өмірлік тәжірибесі мол, көпті көрген, елге айтары көп ардақты жандар ретінде дәріптеліп келеді. Саралап салған ізбен ұстаздарды ұлықтау да жыл сайын өз дәрежесінде өткізіліп те келеді.

1 қазан Қарттар күні және ұстаздар мерекесіне орай ардагер ұстаздармен "Қарттарым-асыл қазынам" атты кездесу кеші ұйымдастырылды. Кештің мақсаты: Жас ұрпақтың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, өз ата- бабасын ұмытпай сақтау және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды біліп, аталы сөзден ғибрат алып өсуіне тәрбиелеу. Кешке мектебіміздің ардагер ұстаздары Байқоңырова Мейіркүл апайымыз және Оспанова Рысбала апайларымыз және 9- сынып оқушылары қатысты. 5 қазан күні "Мұғалімдер күні" мерекесіне орай аға тәлімгер Кунашикова Гүлбанудың жетекшілігімен "Дублёр күні" өткізілді. Мектептегі Өзін - өзі басқару" ұйымының мүшелерімен өзін-өзі дамыту жұмысын жандандыру, оқушылар арасында көш басшылық қабілетін ашу мақсатында 05.10.23 жылы Мұғалімдер күнін мерекелеу құрметіне "Дублер күні" іс-шарасы өткізілген болатын. Онда жоғары сынып оқушылары педагог ретінде өздерін сынап көрді. Жиын соңында аға тәлімгер Назарова Саягүл іс-шараға белсенді қатысушыларды мақтау қағаздарымен марапаттады.

18.10.23 ж. балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» кабинеті ашылды. Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін Қайырымды іс жасасаң, қайырымын өзін көресің "- деген екен дана халқымыз. Қазан айында "Қайырымдылық жәрмеңкесі" ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге 7-9 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері белсене ат салысты. Түскен қаражат мектептегі көмек қажет ететін отбасыларға жұмсалды.

ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ Барлық сыныптарда 24 қазан күні 25 Қазан - Республика күніне орай бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. ЧЕЛЕНДЖ "25 ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ " мерекесіне орай мектепте оқушылар, Жас Ұлан ұйымы бір мезетте еліміздің еркіндігінің белгісі МЕМЛЕКЕТТІК ГИМН орындалды. МЕРЕКЕЛЕЛІК ІС-ШАРА ӨТКІЗІЛДІ .

16 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында "Нұрлы отанымыз - туелсіз Қазақстан" тақырыбында "Болашақ бүгіннен басталады" тақырыбында фотосуреттер сайысын өткізді. ұйымдастыруымен мектеп

кітапханашысы М.Байкенова 9- сынып оқушыларына "Тәуелсіздіктің дара жолы" тақырыбында кітап көрмесін өткізді.- Еліміздің тәуелсіздік алу жолдары ұйымдастыруымен С.Назарованың мектеп оқушыларына "Бостандық бар жер -менің Отаным" тақырыбында бейнеролик көрсетті. Мақсаты ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға – апалардың отанға деген сүйіспеншілігін, ерліктерін паш ету.

25- желтоқсан күні Жаңа жыл шыршасы мен иектеп дәлізі мерекеге сай түрлі – түсті ойыншықтар безендіріліп жасалынды. Жаңа жылдық шыршада мектепте концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, сыныптар кестеге сай уақытымен өткізді, «Жаңа жыл» мерекесі 26,27,28 күндері концерттік бағдарлама жасалып әр сынып өздерінің өнерлерін көрсете алды. Мерекеге барлық сыныптар жақсы дайындықпен келген.7-9 сыныптарының «Бал маскарад» кеші 28 желтоқсан күні сағат 15-00 басталып, 18-00 де аяқталды. Кеште оқушылар оқушылар өз өнерлерін тамаша көрсетті.26-28 желтоқсан күндері Мектепте Жаңа жылдық шырша меркесі барлық оқушыларымызға көтеріңкі көңіл – күй сыйлап қуантты. Жаңа жыл мереке күндері мектепте және мектептен тыс жерлерде мектеп оқушылары ешқандай техника қауіпсізді ережелеріне қарсы және тәртіп бұзушылық іс әрекеттерін жасаған жоқ.

6.Психологиялық қызмет:

«№140 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырылған психологиялық қызметтің басты мақсаты – дамудың және оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағдайын ғылыми психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың денсаулығын сақтауға арналған психологиялық жағдайларды қамтамасыз ете алатын, тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің осы күнгі психологиялық-педагогикалық теориялары негізінде осы процесті ұйымдастыру мен құру және жүргізу. Мақсатты іске асыру барысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №96 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021жылдың 16 қыркүйегінде бекіткен №472 бұйрығы негізінде мектеп гимназияда ұйымдастырылған психологиялық қызмет жоспар жасалынып, лауазымдық міндеттер мен істер номенклатурасы бекітілді. Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет Білім және ғылым министрі бекіткен бес бағытты қамтыды: Психодиагностикалық бағыттар; Консультациялық бағыттар; Ағартушылық-профилактикалық бағыттар; Түзету дамытушылық бағыттар; Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар. Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет бойынша 1-9 сынып оқушылары толықтай қамтылып, жүргізілген бағытқа және қажеттілігіне қарай топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылады. Барлық психологиялық жұмыстар баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізіліп, хаттама жазылып, жұмыстарды есепке алу журналына тіркеледі. Психолог жұмысының негізгісі аутодеструктивті іс әрекетті жұмыстарды алдын алу бойынша топтық жұмыстар; «Ағаш, үй, адам», эссе, сауалнама , аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі, «Басса Даркий» диагностикасы, Айзенгтің «Тұлғаның жеке ерекшеліктері» тесті, түрлі бағыттағы құқық бұзушылықта анықтау сауалнамасы, жеке оқушылармен «Жаңбыр астындағы адам», «Түрлі түстер», «Отбасы портреті», «Табиғатта кездеспейтін жануар бейнесі» сонымен қатар түскен сұраныс мақсатына қарай түрлі тесттер жеке алынады. Оқу процесіне қатысты баланың танымдық деңгейін анықтау және дамыту, интеллектуалды ақыл ойы мен білім білік дағдыларына «Дарынды және қабілетті оқушыларды» анықтауға диагностика жүргізіліп, нәтижесі бойынша педагогтар мен жетекшілерге әдістемелік көмектер ұсынылады. Оқушылардың ортаға бейімделуіне қатысты психологиялық жаттығулар, тренингтер жүргізіліп, ата аналарына кеңестер ұсынылады. Мамандық таңдау бойынша Климовтың «ДДЧ», Голбенің «Қызығушылық картасы» және тренингтер: «Мамандықтар әлеміне саяхат», «Мен таңдаған мамандық», «Арман және кәсіптің көп түрлігіне байланысты психологиялық танымдық сабақтар ұйымдастырылады.

Мектепте «сенім телефоны мен сенім жәшігі» бар, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Сонымен қатар жас маман иелері мен педагогтарға да және ата аналарға психологиялық көмек пен қолдау жұмыстары, ұйымдастырылады. Алдын алу профилактикалық жұмыстар бойынша: Кибербуллинг, Буллинг, «Буллинг, кибербуллинг балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» , ата – аналармен мектепшілік жиналыс жасалынды онда «Өзіңді және жақындарыңды буллингтен және кибербуллингтен қалай қорғауға болады?», «Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес», 8 – 9 шы сыныптармен «Өмір мәні» , «Өмір қандай тамаша»! тақырыбында тренинг өткізілді. Интернеттің зияны мен пайдасы, ерте жүктілік пен зорлық - зомбылықтың алдын алу жолдары, аутодеструктивті іс - әрекетті, құқық бұзушылықты болдырмау тақырыбында бейнесабақтар, презентациялар, кеңестер, бағыт бағдарлар жіберілді. Жасалынған психологиялық бағыт нәтижесі бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі.

7. Факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

Факультатив сабақтар мен үйірмелер оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Сабаққа қатысу журналдары жүргізіліп, уақтылы, сауатты, бағдарламалық және күнтізбелік –тақырыптық жоспарлауға сәйкес толтырылады. Факультативтік сабақтардың тиімділігі оқушының белгілі тақырып бойынша білімдеңгейінің жоғарылауына, оқушы ынтасының белсенділігінің қалыптасуына, танымдық қабілетінің артуына әсер етеді. Әрбір ерекшеліктері бар, мақсаттары да бірдей емес. Факультативтік сабақтар оқушылардың білімін тереңдетеді, қабілеттерін аша түседі, олардың шығармашылық қабілеттерін айқындап кітаппен жұмыс істеуге және тәжірибе алуға үйретеді. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру пән мұғалімдерінің алдарына қоятын негізгі міндеті. Факультативтік сабақтардың міндеттері: – оқу-тәбиеі үрдісінде алған білімдерін ары қарата дамытуға мүмкіндік жасау; – оқушының қоғамдық белсенділігін дамыту; -оқушылардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, белгілі бір еңбекке (болашақ мамандықтың түріне) баулу, оны дамытуға ықпал ету;

Қазіргі таңдағы алға қойып отырған басты да түпкілікті мақсаты оқушылардың білім, білік, іскерлік дағдыларын дамытумен қатар , олардың бойындағы азаматтық,өміртанымдық, интернационалдық қасиеттерін де кеңейте түсу. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартыныңнегізгі ережелеріне сәйкес еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің бастауыш сатысында таңдау курстары енгізілді. Негізгі білім беретін оқу орнының бастауыш сатысында «Ғажайып математика» үйірмесі жұмыс жасайды. Осыған орай үйірме жұмысы оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылық деңгейін қалыптастыруушын жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыруға беріледі.

Бағдарламаның маңыздылығы берілген тақырыптардың өмірмен байланысты болып келуінде. Қазіргі таңдағы тұлғаның шығармашылықпен жұмыстанып, сыни көзқараспен өз ойын тереңнен жеткізе алатындай болуы қажет екенін білеміз. Міне, осыны ескере отырып, мен өз бағдарламамда жаңа үлгідегі талаптармен жұмыстанудықажет ететін тұлғаға бағытталған жұмыс түрін ұсынғым келеді. Оқушының абстрактілі, логикалық және эмоционалды ойлау, көңіл бөлу, бағалаужәне елестету қабілеттері дұрыс бағытта дамыған жағдайда тәрбие процесінің оң нәтижесін көруге болады. Осы орайда бағдарлама тақырыптарымен жүргізілетін жұмыстар маңыздылығы ескерілді.

Математикалық білімді көтеруде тоғызқұмалақ ойынына үлкен мән беріледі. Бағдарламаның мақсаты — оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу,қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу. Үйірме сабақтарынан оқушы меңгеруге тиісті қабілеттер: Техникалық -оқушылардың жаттығу ойындарында, мектепшілік, тоғызқұмалақ сайыстарына қатысуда, -ойын барысында тоғызқұмалақ есептер мен этюдтарды шешу кезінде қалыптасатын іс әрекеттері. Интеллектуалдық - оқушылардың ойынға сараптама жасауымен; арнайы әдебиеттерді оқуымен; -үздік ойыншылардың

ойындарын қарап талдауымен қалыптасатын іс әрекеттері. Бағдарлама аптасына 1сағат, барлығы 34 сағатқа берілген.

«Сөз өнері» мәнерлеп оқу үйірмесі . Мәнерлеп оқу үйірмесі 5-6-7 сынып оқушыларына арналған. Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабақтарына қызығушылықтарын арттырады. Үйірмеге тілге шешен, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін оқушылар тартылады. Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді. Сондықтан сыныптан тыс үйірме сағатында ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді

.Үйірменің мақсаты: Қосымша білім беру арқылы білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.

Үйірменің міндеті: Оқушының шығармашылық қабілетін ашу,оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет. Оқу бағдарламаларын іске асыру,сапалы құрастыру, орындау Әр оқушының биімділігін, қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып дамуын қамтамасыз ететін білім жүйесін қамтамасыз ету. Қосымша білім беру мекемелерімен байланысты нығайту. Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, белгілі бір еңбек түріне баулу, оны дамытуға ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренеді. Оқуға деген қызығушылықтары артады.

Спорттық үйірмелері . Мектепте оқушыларды дене мәдениетіне тәрбиелеуде дене шынықтыру сабақтарымен қатар қосымша ақылы үйірмелер, спорт секцияларын жүргізуге ерекшемән берілуде. Сыныптан тыс жұмыстар төмендегідей түрлерге бөлінеді: спорттүрлерінен өткізілетін секциялар, көпшілік дене шынықтыру шаралары, спорт түрлерінен өткізілетін жарыстар, дене шынықтыру спорт мерекелері. Үйірмеде тұлғаны қалыптастыру, оқушының танымдық белсенділігінің дамуына бағытталған. Мазмұны оқушы, қоғам мен жанұя сұраныстарын ескере, қазіргі педагогикалық ғылым жетістіктерін айқындайды. Оқыту мақсаты: салауатты өмір салтын ұйымдастыруда ұлттықойындарды шығармашылық жолмен қолдану. Оқыту міндеттері: денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту; дамыту және сауықтыру бағытындағы дене жаттығулары, ұлттық ойындар түрлерініңіс-қимыл әдістері мен техникасы арқылы қимылдық тәжірибені байыту, қимыл- қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; ұлттық ойындар туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы және салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерді игеру; өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қарау, денсаулықты сақтау мен нығайту қажеттілігін қалыптастырып тәрбиелеу; тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде ұжымдық әрекеттестік пен ынтымақтастықтың межелерін сақтау. «Спорттық ойындар» дене шынықтырудан дарындылығы бар оқушыларға бағытталған. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Қызығушылық танытатын бастауыш сынып оқушыларын қатыстыру жоспарланған.

Күтілетін нәтижелер: оқушының ұлттық ойындарды терең түсіну қабілеті дамиды, алған білімдерінсыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білетін болады; Сабақтарды/үйірме жүргізу түрлері мен әдістерін оқытушы негізгі материалдың дидактикалық мақсаты мен мазмұнына қарай таңдап үйлестіріп отырады.

Мақсаты: Қазіргі заманда бір ғана мамандықты игеріп қоймай тіршілік ыңғайына орай бірнеше мамандықты қоса игеру —өмір талабына айналуда. Сондықтан үнемділік пен ұқыптылық ,пайда,табыс, оны жүзеге асыру жөнінде білім беруді және еңбек сүйгіштікті мейрімді адам болуға тәрбиелеуді мақсат еттім. Ұлттық өнерге тән ерекшеліктермен ,айналадағы ортамен ,өмірі мен ,еңбекпен тығыз байланыстыру.Өнердің барлық түрлері мен танысу арқылы өзіне тән бейнелі түрлі тәсілдермен ,әсемдік әлемін ашады және бала сезіміне әсер етеді.

Міндеті: Оқушыларда нарықтық ,экономикалық ,экологиялық білімдерді бойына сіңіру үшін жалпы еңбек іскерліктері мен дағдыларын дамыту Оқушыларға бағыт-бағдар бере отырып,өз бетімен жұмыс істеу ой өрісін дамыту.Көп тараған және болашақтың технологиясы жайында политехникалық білімді қалыптастыру Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ойлау әрекетін арттыру Оқушылардың өздері жасаған бұйымдарын жаңа дизайын талаптарына сай әсемдейбілуге үйрету Жұмыс нәтижесін көрсету барысында көрме ұйымдастыру.

«Үстел тенісі» үйірмесі адамды организмге тек кена биік талаптардан көрсетеді Оқушылардың қимыл қозғалыс қалыптастырып дамытады.

Мақсаты: Үстел тенісі бұл дене тәрбиесінің құралы денсаулықтың жан жақты өсіп жетілуіне мүмкіндік туғызады..

«Тоғыз құмалақ»Тоғызқұмалақ арнайы тақтада 2 адам арасында ойнатылады 2 қазан18 отау, 168 құмалақтан тұрады .

Мақсаты: оқушыларды спортқа тәрбиелеу және есепке үйрету болып табылады.

**«№140 негізгі орта мектебі» » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мектепке дейінгі оқытумен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға
арналған өлшем шарттары**

p/c №	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Баллдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	95%	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	95%	4
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	90%	3
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95%	4
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 Жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	95 %	4
6	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
7	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау 94,5% респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	94,5%	5
8	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау 91% респонденттер сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	91%	5
9	Жалпы балы		

**«№140 негізгі орта мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
бастауыш, негізгі орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшем шарттары**

p/c №	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Балла ры
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	95%	4
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог- сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Негізгі орта білім беретін мектептер (шағын жинақталған мектеп) Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -28%	4
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Негізгі орта білім беретін мектептер (шағын жинақталған мектеп) Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -27%	4
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22	100%	5

	қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратқандырылуы		
7	Ғимараттарда (оқу корпусында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	80%	2
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100%	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі топтар/сыныптар бөлінісінде) «Контингент» бөлімінде 21 білім алушы тіркелген, оның ішінде мектепалды сыныпта 7 тәрбиеленуші мектептің бағалантын кезең, ақпан айының мәліметімен сәйкес келеді. Мектептің жалпы білім беретін сынып комплектісі мен оқушылар туралы мәлімет 8 қосымшада берілген мәліметтермен сәйкес келеді. Сонымен қатар, «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер» ішінде мектепте жалпы 7 сынып комплектісінде 37 оқушы 2 ауысымда оқиды.	95%	4
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) 4 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 85%-ы қатысып, білім алушылардың 85%-ы оң баға алды, бұл мүмкін		5

	болатын нормаға сай, яғни 40%-дан жоғары; 9 сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 100%-ы қатысып, білім алушылардың 80%-ы оң баға алды, бұл мүмкін болатын нормаға сай, яғни 40%-дан жоғары;		
11	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100%-ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған 87,4% респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған 5 1 2 Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау 80%-дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған 91 % респонденттер сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80%-дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған 91 % респонденттер сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
13	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	80%-дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған 95,4% респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
	Жалпы балы		5 «үлгілі»